

Е.Қазиұлы

Шынжаң оқу-ағарту институты, Қытай Халық Республикасы  
(E-mail: jandosmagulov@mail.ru)

## Қытай жазушысы Лау Шы мен Қаусылқан Қозыбайұлының жасампаздық шеберлігіндегі салалас ұқсастықтар туралы

Мақалада Лау Шы мен қазақ әдебиетінің негізін қалаған Қаусылқан Қозыбайұлының шығармашылықтарындағы дәуір сипатын, кейіпкер характерін, ұлттық, қоғамдық салт-сананы бейнелеу және сөз саптау өнері жақтарындағы ұқсастықтарды тауып салыстыра отырып, екі жазушының жасампаздық, шеберлік өнерін көрсеткен.

*Кілт сөздер:* Лау Шы мен Қаусылқан, жасампаздық өнер, салыстыру.

Жұңго қазіргі заман әдебиетінің белді жазушыларының бірі Лау Шы мен еліміздің осы заманғы қазақ әдебиетінің негізін қалаған жазушылардың бірі Қаусылқан Қозыбайұлы жасампаздық өнерлерімен жұртқа белгілі жазушыға айналған. Біз ұзақ уақыт оқытушылықпен шұғылдану барысында осы екі жазушының жасампаздық шеберліктеріндегі кейбір ұқсастықтарды байқап салыстыра зерттеп келеміз. Басын ашып алатын бір жайт, бұл екі жазушының ортасында ықпалдастық қатынас өмір сүрмейді, яғни қолымызда Лау Шының Қаусылқанға ықпал жасағандығы жөнінде дерек жоқ. Сондықтан екі жазушының туылған кездегі отбасы жағдайы, алған тәрбиесі қатарлардың деңгейлестігі ұқсас құбылысты тудырған деген ойдамыз.

Лау Шы Бейжиндегі бір кедей қала тұрғыны отбасында дүниеге келген кезде, әкесі Чиң патшасының қала қорғанын қорғайтын төмен дәрежелі әскері, отбасы ішер асқа жарымай отырған еді. Қаусылқан Қозыбайұлы Толы ауданының Жайыр тауындағы кедей малшы отбасында дүниеге келгенде әкесі мінер ат пен ішер асқа жарымай отырған кедей еді. Лау Шы жеті жасында жеке мектепте оқиды, он жасында жаңаша бастауыш мектепке түседі. 1912 жылы Бейжиң қалалық 3-орта мектепке емтихан тапсырып қабылданады, бірақ отбасы қиыншылығына байланысты оқудан қол үзеді. Келесі жылы үкімет қаражатымен оқитын Бейжиң педагогикалық мектебіне емтихан тапсырып қабылданады. Қаусылқанның алған тәрбиесі де Лаушының алған тәрбиесі секілді жүрдім-бардым болған, Қаусылқан он жасында ауылдағы діни мектепте оқыған, он екі жасында жаңаша бастауыш мектепке түсіп оқиды. Отбасының кедейлігінен бірде мал соңында, бірде үзіп-жұлып оқып жүріп, бастауышты әрең бітіреді, осылайша кедейліктің кесірінен білім алу сапарын аяқтайды. Келесі жылы Үрімшідегі үкімет қаражатымен оқитын моңғол-қазақ педагогикалық мектебінде 1939 жылдан 1944 жылға дейін оқиды. Лау Шы мектеп бітірген соң бастауыш мектепте мұғалім және бастауыш мектеп меңгерушісі болып істейді. Ал Қаусылқан мектеп бітірген соң аудармашылық, мұғалімдік және сахналық шығармаларда қосымша рөл ойнау міндеттерін өтейді. Осындай деңгейлес тіршілік пен деңгейлес алған тәрбие жазушылардың жазу стилін, тіл өнері жағындағы ұқсастықты қалыптастырған болуы мүмкін [1–5].

Екі жазушының әдебиет босағасын аттаған кезіне қарайық: Лау Шы 1914–1918-жылдар аралағында Бейжиң педагогикалық мектебінде оқып жүрген кезінде әдебиетке әуестеніп, өлең және шалқымалар жазған, бірақ көбі жарияланбаған. Қаусылқан бастауыш мектепті бітірген соң әдеби әуескерлікке бой ұрады, әсіресе халық ауыз әдебиетіне тән жанрлардан ертегі, хисса, дастан, айтыстарды қызығып тыңдайды, әрі жатқа оқиды. 1939–1944-жылдары Үрімшідегі моңғол-қазақ педагогикалық мектебінде оқып жүрген кезінен бастап өлең, шағын хабар, мақала жаза бастаған, бірақ сол кездегі қазақша шығатын газет-журналдар тым мардымсыз болғандықтан жарияланбаған. Жоғарыдағы салыстырудан екі жазушы 16, 17 жастары шамасында әдебиетке әуестеніп шағын, жеңіл жанрларға қалам тарта бастағанын аңғарамыз.

Екі автор әуелгі жасампаздықтарын поэзиядан бастап, прозадан табыс төріне шыққан. Лау Шы «4-май» қозғалысынан бұрын шағын өлеңдер мен шалқымалар жазып жүріп, 1922 жылғы «Кішкентай қоңырау» атты тырнақалды әңгімесінен бастап прозалық шығарма жазуға ауысқан, телегей теңіз мол шығармалары және Быйжиңның тар көшелеріндегі жерлік ерекшелікке бай образдарымен оқырман көңілінен орын тапқан. Ал Қаусылқан азаттықтан бұрын белгілі демократиялық көзқарасы бар ақын

еді, азаттықтан кейін 1954 жылғы «Шағылған төсек» комедиясынан бастап прозалық шығарма жазуға ауысып, мұқалмас көркем образдарымен оқырман көңілінен орын алды.

Екі жазушы да шығармаларында өз дәуірлерінің ірі уақиғаларын толық қамтыған. Лаушы шығармалары көне астана Бейжиңде туылған ірі оқиғалар мен барлық тіршілік мазмұнын қымтай қамтып, ірі қаланың жалпы қоғамдық картинасын көрнектілендіріп, өз дәуірінің мәндік ерекшелігін бейнелеген. Мәселен: «Қызыл ту астында» атты романында У Шуи заң өзгерісінен кейінгі Чиң патшалығы үстемдік еткен қоғамның құлдырауын, «Кешкен күндер» Шанхай төңкерісіне басшылық еткен буржуазия табының ымырашылдығынан төңкерістің сәтсіздікке ұшырағандығын, «Лаужанның философиясы», «Жаузының айтқандары» сияқты романдарында «4-май» қозғалысы кезіндегі феодалдық сананың тамыры тым тереңдігі, «Түйе шияңзы» романында 20-жылдардағы милитаристік қалаймақан соғыстың зардабы, «жаңа дәуірдің көне трагедиясы», «Ажырасу» сияқты романдарында 30-жылдардағы гөміндәң үкіметінің шіріктесуі және тыңшылық үстемдігінің рақымсыздығы, «Бір семьядағы төрт ұрпақ» романында жапон басқыншыларына қарсы соғыс кезіндегі жауланған аудан халқының машақаты мен оянуы бейнеленген. Қаусылқанның шығармаларына келсек: еліміздің азаттық қарсаңындағы және азаттықтан кейінгі қоғамдық өзгерістердің бел-белеңдері мен ірі уақиғаларын дәуір рухы жалындаған өңіп-өшпейтін айшықты образдармен бейнеледі. Мәселен, азаттықтан бұрынғы басым көп өлеңдерінде жапон басқыншыларына қарсы соғыс тұсындағы отаншылдықты, «Алғашқы адымда» әңгімесінде еліміздің социалистік өзгерту қимылының дабыралы жылдарындағы — жеке меншік түзімін социалистік жолмен өзгертіп, коллективті кооперацияластыру қимылы, «Он жылдықтың озаты» әңгімесінде еліміздің зор секіру қимылы, «Рас па, әке» сияқты әңгімелерінде «төрттік төбенің» еліміздің салтанатты өмірін торғайдай тоздырып, сана саласы жақтан салған ауыр жарақаты бейнеленген. Біз жоғарыдағы салыстырудан Лаушы шығармалары таяу заманның соңғы мезгілінен қазіргі замандағы қоғамдық елеулі өзгерістер барысындағы Бейжиң халқының рухы күйінің шежіресі екендігін, ал Қаусылқан шығармалары азаттық қарсаңы мен еліміз азат болған алғашқы мезгіліндегі елеулі өзгерістер мен оқиғалар барысындағы қазақ халқының рухани күйінің шежіресі екендігін аңғарамыз.

Сау Юи: «Дүниедегі әрқандай әдебиетші мәлім бір сатыдағы кейіпкерге қанық болғанымен, Лау Шы мырза сияқты өмірдегі барлық кейіпкерлерді қымтай жазуы мүмкін емес», — деген. Бұдан біз Лау Шы шығармаларында көне астананың барша жандарын, әсіресе төмен сатыдағы адамдарды қалыс қалдырмай баяндағандығын аңғарамыз. Қаусылқанның образ жарату шеберлігі жөнінде Әуелқан Қалиұлы былай дейді: «Өмір Бөгенәйінің алуандығынан, бұл Бөгенәйді жете тани алғандығынан, қалам қуатының тайпала түсуінен, Қаусылқан созумен бір қыдыру типтік образдар — таныс, бейтаныс адамдар жаратты, таптық ерекшеліктері толық жинақталған, меншікті қасиеті еркін дараланған, басқаша айтқанда, белгілі ортақтығы мен белгілі даралығы айқын әйгіленген кейіпкер характерін жасау — Қаусылқанның әңгіме жасампаздығындағы ел мойындайтын табыс деуге болады». Бұдан Қаусылқан қаламы жаңа өмірдің кең тынысын, әр кезеңін аралағанын, қоғамдағы өзгерістердегі әр түрлі адамдарды қалыс қалдырмай кескіндеп отырғандығын байқаймыз. Осылай болғандықтан, екі автордың жасаған образдарының характерлері ұқсап кетеді. Мәселен: Лау Шының «Ма фамилалылардағы» масырын, «Көне дүкеннің атындағы» Чиян кожайын, Қаусылқанның «Шағылған төсек» комедиясындағы Өрікбай, «Алғашқы адым» әңгімесіндегі Құдияр, «Қырықбай» комедиясындағы Қырықбай қатарындағы ортақ характер — ескі дәстүрдің бұғауынан құтыла алмай, жаңа заттан, жаңалықтан ат бойын ала қашқан характерлерімен ұқсаса, екі автор да осы кейіпкерлерінің төңірегіне дәуірдің алға ілгерлеуін, дәуір ауқымына ілескен жаңа адамдар мен нәрселерді қойып суреттеген. Тағы Лау Шының «Мысықтар қаласында» романындағы Мысық адамы мен Қаусылқанның «Рас па, әке» әңгімесіндегі сары құлақ Дуижаны — өз мүделері жолында ар-ұяттан безіп мысықша монтансыған характерлері арқылы реал өмірдегі келеңсіз жайттарды сықақ еткен және ажуалаған.

Екі жазушының шығармаларының жерлік бояуы күшті берілгендіктен де оқырмандарын баураған. Лау Шының өмірінің үштен екі бөлігі Бейжиңде өткен. Көне астана оның махаббаты мен қарғысын ұштап көркем тіршілікке жүкті қылды. Сондықтан оның шығармаларындағы кейіпкер, оқиға, көрініс-орта, салт-сана, тіл әуені түгелдей бейжиңдік түс алған. Қаусылқан да қазақ сахарасында туып ер жеткен жазушы, сондықтан оның шығармаларында да кейіпкер, уақиға, көрініс-орта, салт-сана, қолданған сөздері түгелдей қазақ сахарасынан келген. Лау Шы шығармалары көркемөнер қазынасы, яғни Бейжиң этнографиясының мұражайы, делінсе, сыншыларымыз Қаусылқан шығармалары «қазақ өмірі жөнінде оқырмандардың түсінігін тереңдетті» дейді. Лау Шы

шығармаларынан қоғамдық салт-сананың реңді суретін аңғарғандай боламыз. Айталық, қияқ күріш мерекесі, қарбыз мерекесі, ас тәңіріне табыну, неке, босану, тілек тілеу, қонақ шақыру, тарту-таралғы ұсыну сияқты көне бейжиңдіктердің салты, барабаншы, мойын бұраушы, кірпіш жалмаушы, жұдырықшы сияқты көне Бейжиңның әр түрлі кәсіптері, әр саладағы қала тұрғындарының тіршілік дағдылары Лау Шының қаламынан қалыс қалмай, шебер суреттелсе, Қаусылқан Қозыбайұлы «Кім жазалы» деген дастанында Ақжол інісінің жесірін алғалы күйеу болып келген күнгі кештегі ауыл тіршілігінен оқырман қазақтың этнографиялық суретін көргендей болады. Бұның сыртында Қаусылқанның қайсыбір шығармасын алатын болсақ, идеялық мазмұнымен бірге, ұлттық бояуымен де баурайды. Мәселен, сауысқанның шықылы, жолаушыға мініс болатын аттың аттану алдындағы құмалақтары, үкінің күлкісі сияқтылар арқылы қазақ халқының салт-санасы, діни нанымдары бейнеленген.

Шығарманың тілі шығарманың ойын жетілдіретін, оқырманын баурайтын, қоғамдық ықпалын күшейтетін қару. Екі жазушы жанды, таза халық тілін әдеби тілдің керегіне жаратқандығы үшін «тіл атасы» деген құрметке ие болған. Екі жазушы да халық ауыз тіліндегі істі, нәрсені әсерлеу, кейіптеу сынды көркемдеу амалдарын қолданып шығармаларын айшықтай түседі. Мәселен, Лау Шының «төбесінен сорғалаған тер моншағы табанына бір-ақ құйылды» мен Қаусылқанның «Дәметкеннің Шәріпке мақұл болуы бұлттан алыс» сияқты әсерелеулері; Лау Шының «жайшылықта алма, нашпыт, талшын, жаңғақтар жуас көрінгенімен, мен дорбаға саларда барлығына аяқ бітіп тұс-тұсына қашадысы» мен Қаусылқанның «сөз шортан болып шауып жүр» сияқты кейіптеулері орынды қолдануымен, өз ұлттарына тәуелді ерекшеліктерімен қабысып шығармаларына айшық әперген.

Екі жазушының шығармаларындағы ортақ ерекшелік — кейіпкерлерін бірер ауыз сөйлету, ерекше Бөгенәйі, өзгеше психологиялық мінездері арқылы оның қоғамдық орны, білім-санасы, кәсібі жақтардағы характерлік ерекшелігін толық көрнектілендіреді. Мәселен: Лаушының «Шайхана» драмасында Таң Тиезуидің шайхана қожайынына айтқан «бір шыны шай берер болсаң, сынық жармақсыз-ақ қолыңа қарап бал ашып берер едім» деген сөзінен-ақ оның тіл-жағына сүйеніп жан бағатын «балшы» екенін аңғарамыз. Қаусылқанның «Алғашқы адымда» әңгімесіндегі Жапалақтың «дәретім болмаса да мына жаңа тілегім үшін тәйем соғып болса да намаз оқиын» деп, жүгініп отыра қалып шаңды бұрқылдата жөнелген әрекетінен оның күйгелек, құрапыйшыл характерлері толық ашылған. «Көктем күндері» әңгімесіндегі Биқайшаның «қызыл саулық болғаныңнан айналайын, қара тоқал болғаныңнан айналайын, ақ серкеш болғаныңнан айналайын» деп жағы сенбей бәйек болуынан оның дүниеқор, жекелік десе жанын салатын характері толық бейнеленген.

Екі жазушының шығармаларындағы жасаған кейіпкерлері қоғам бет-бейнесімен байланысып жатады. Олардың кейіпкерлерінің сөз-сөйлемдері мен қимылдарынан дәуірлік сезімді, саяси жағдайды аңғаруға болады. Мәселен, Лау Шының «Шайханасындағы» Таң Тиезуи біреуге бал салып беріп отырып: «Бүгін гуәңшидің 40-жылы, у шуи» дейді. Ли Санзу «бүгін зеңбірек атылған, ертең қала қақпасы жабылған» деген қысыр кеңестерден дәуірдің өзгерістерін, милитаристік қалаймақан соғыс сынды дәуір ауқымын аңғарамыз. Қаусылқанның «Он жылдықтың озатындағы»: «Осы екеуің апама жездем сай емессіндер ме. Сен қамшының сабын сындырып, ол бір қазанның құлағын ұстап шығып отыр», «қоранда қойың, өрісте жылқың жатқанда сен қайсы кедейге барып «қызыңды бер» деп жалбарынып едің, сенің лебіңді байдан қайтқан қатын түгіл он бес жастағы қыз қайтарып көріп пе еді. Шіркін мына байдан келіп отырған қасаң байталдың бағынды басқа теуіп отырғанын көрдің бе?» деген Нұрқалидың Шәріптің басын айландыратын сөздерінен Дәметкеннің тарихи жағдайын, өскен ортасын, Нұрқали, Шәріптердің таптық тегі мен көңіл-күйлерін аша түсумен бірге, дәуір ауқымын аңғарамыз. Лау Шы мен Қаусылқан шығармаларындағы кейіпкер диалогтері арқылы шығармаларының тарихи көрінісін аңғаруға болады.

Екі жазушы юморлы, сықақтық, әжуалық бояуы бар сөздер мен мақал-мәтелдерді талдап қолдану шеберлігі жағынан ортақ ерекшелігі бар. Мәселен, Лау Шының «кедейдің қулығы да ақиқат», «некеге таныстыруды тапқырлау — некеден ажырасуды жоятын көркем сын» деген юморға орайлас сықақтары мен Қаусылқанның «секеңдеген жігіттің серкешінің соры», «айында тапқан жігіттен жылында құлындаған бие артық» сияқты юморлық, сықақтық, әжуалық бояуы күшті сөздері өзгеше баурау қуатына ие болып, кейіпкер характерімен ұштасып, оқырмандарын көңілдендіріп тастайды.

Салыстырмалы әдебиетті зерттейтін ғалымдар «ұлттық әдебиетті басқа ұлттардың әдебиетімен салыстырып зерттеу жүргізгенде басқа ұлттардың әдебиетіндегі артықшылыққа жақындауға, ұлттық әдебиетті солардың қатарына қойып, өзіміздегі олқылықтарды толықтауымызға болады» деп

қарайды. Осы бір тамаша ойдың жебеуімен жұңго қазіргі заман әдебиетінің белді жазушыларының бірі — Лау Шы мен еліміздің осы заман қазақ әдебиетінің негізін қалаған жазушыларымыздың бірі — Қаусылқан Қозыбайұлының жасампаздық стильдеріндегі ішінара ұқсастықтарды салыстыра отырып, өз көзқарасымызды ортаға салдық. Әдебиетіміздің осы саласы кенже қалып бара жатқан себепті, бұл еңбегіміз арқылы бекімеген, бұғанасы қатпаған сәби ойымызды асығып ортаға салып отырмыз. Осы саладағы зор табыстар мен өрелі нәтижелерді кейінгі зерттеулерден күтеміз.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Лау Шин қатарлылар. Қазіргі заман жұңго әдебиетінен арнаулы тақырып тарихы. — Қытай: Жыжиян дәшеу баспасы, 1989.
- 2 Зың Гуэңшиэн қатарлылар. Лау Шыны зерттеу материалдары. — Қытай: Бейжиң әдебиет-көркемөнер баспасы, 1987.
- 3 Әуелқан Қалиұлы. Әдебиетіміздегі кейбір ойлар. — Қытай: Іле халық баспасы, 1984.
- 4 Ахметбек Кірішбайұлы. Қазақ әдебиетінен таңдаулы үлгілер: 2-кіт. — Қытай: Шинжиян дәшеу баспасы, 1989.
- 5 Хұң Жұңхуаң. Лау Шы драмаларының сыры / Драма. — 1992. — № 4.

Е.Қазиұлы

### **Общие черты в творческом мастерстве китайского писателя Лау Шы и Қаусылхана Қозыбайұлы**

В статье рассмотрены общие черты в творческом мастерстве китайского писателя Лау Шы и основателя казахской литературы Қаусылхана Қозыбайұлы. Автор сравнивает творчество двух писателей с точки зрения описания ими эпохи, создания характеров героев, передачи национального и общественного сознания, а также по мастерству творить, создавать художественные произведения.

E.Kaziuly

### **Common features in creative skill of the Chinese writer Lau Shy and Kausylhan Kozybayuly**

In article common features in creative skill of the Chinese writer Lau Shy and the founder of the Kazakh literature Kausylkan Kozybayuly are considered. The author compares creativity of two writers from the point of view of the description them eras, creations of characters of heroes, transfers of national and public consciousness, and also on skill to create, create works of art.

#### References

- 1 Lau Shin. *History of modern Chinese literature*, China: Publ. house Zhyzhiyan, 1989.
- 2 Zyn Gu. *Materials on Lau Shy's research*, China: Publ. house Beyzhin of fiction, 1987.
- 3 Auyelkhan Kaliuly. *Some thoughts of literature*, China: Publ. house national Ile, 1984.
- 4 Akymetbek Krishbayuly. *The favourites on the Kazakh literature: 2 book*, China: Publ. house Shinzhiyan, 1989.
- 5 Hoon Zhunhuan. *The Drama*, 1992, 4.